



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ СПОРТ МИНИСТРЛІГІ
МӘДЕНИЕТ КОМИТЕТІ
«ӘЗІРЕТ СҰЛТАН» МЕМЛЕКЕТТІК ТАРИХИ-МӘДЕНИ
МУЗЕЙ-ҚОРЫҒЫ



**«ӘЗІРЕТ СҰЛТАН» МЕМЛЕКЕТТІК ТАРИХИ-МӘДЕНИ
МУЗЕЙ-ҚОРЫҒЫ»
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСПОРНЫНЫҢ
2023 ЖЫЛЫ АТҚАРҒАН ЖҰМЫСТАРЫНЫҢ
ЕСЕБІ**

Түркістан қаласы 2022 жыл



МАЗМҰНЫ

Кіріспе	
I. МЕКЕМЕ ЖАЙЛЫ МӘЛІМЕТ	
1.1. Негізгі қызметі	
1.2. Келушілерге музей жұмыс тәртібінің уақыты	
1.3. Басшылық	
II. ҚОРЫҚ- МУЗЕЙДІҢ 2020 ЖЫЛҒЫ НЕГІЗГІ КӨРСЕТКІШТЕРІ	
2.1. Келушілер саны	
2.2. Экскурсиялар саны	
2.3. Дәрістер саны	
2.4. Көрмелер	
2.5. Археологиялық жұмыстар	
2.6. Қор сақтау және құжаттау жұмыстары	
2.7. Ескерткіштер саны	
2.8. Имидждік өнімдері	
III. ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ЖҰМЫСТАРЫ	
3.1. Ғылыми шаралар ұйымдастыру және оларға қатысу	
3.2. Ғылыми кеңес отырыстары	
3.3. Ғылыми кітапхана ісі	
IV. ҚАРЖЫ ТУРАЛЫ	
4.1. Бюджеттен бөлінген қаржы	
4.2. Ақылы қызмет көрсетуден түскен қаржы	
4.3. Қайырымдылық пен демеушілік көмек көрсетуден түскен қаржы	
V. ӘКІМШІЛІК ЖӘНЕ ШАРУАШЫЛЫҚ ЖҰМЫСТАР	
5.1. Кадрлық қызмет	
5.2. Шаруашылық жұмыстар	
5.3. Материалдық – техникалық базасы	
5.4. Ғимарат туралы мәліметтер	
5.5. Меншіктегі автокөлік	
VI. ҒЫЛЫМИ БАСЫЛЫМДАР МЕН БҰҚАРАЛЫҚ АҚПАРАТ ҚҰРАЛДАРЫНДА ЖАРИЯЛАНҒАН МАҚАЛАЛАР	
6.1. Ғылыми мақалалар	
6.2. Танымдық мақалалар	



I МЕКЕМЕ ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТ

1.1. Негізгі қызметі

Музей қызметінің мәні тарихи және мәдени маңызы бар археологиялық және сәулет ескерткіштерін сақтау болып табылады.

Мекеме мақсаты – тарихи-мәдени мұраның жылжымалы және жылжымайтын объектілерін насихаттау, зерттеу, анықтау, сақтау және қорғау.

Мемлекеттік мекеме мақсатқа қол жеткізу үшін мынадай қызмет түрлерін жүзеге асырады:

- Мемлекеттік мекеменің аумағында орналасқан ұлттық мәдени мұраның жылжымалы және жылжымайтын ескерткіштерін анықтау, қорғау, зерттеу, консервациялау, қалпына келтіру және пайдалану;
- Тарихи-мәдени мұраны қорғау және пайдалану саласындағы бағдарламаларды, жобаларды әзірлеу, тиісті тәртіпке сәйкес бекіту, іске асыру;
- Жергілікті атқарушы органдар бекіткен тарих және мәдениет ескерткіштер тұрған аумақта құрылыс салу жоспарын реттеу;
- Мемлекеттік мекеме аумағында жүргізілетін құрылыс, қалпына келтіру және археологиялық қазба жұмыстарына уәкілетті органның рұқсаты болмаған жағдайда тиым салу, уақытша тоқтату;
- Монографиялар, ғылыми еңбек жинақтары, мақалалар, каталогтар және жол сілтеуші басылымдарды баспаға ұсыну, мерзімді баспа өнімдерін шығару;
- Мемлекеттік мекеме қорында және оның аумағында орналасқан жылжымалы және жылжымайтын тарих және табиғат ескерткіштері экспозициясының сақталуын қамтамасыз ету;
- Тарихи-мәдени мұраны насихаттауға және таратуға бағытталған іс-шараларды өткізу;
- Қорды ғылыми өңдеу, музей қызметінің негізгі бағыттары мен ғылыми тұжырымдамасын дайындау;
- Ескерткіштердің меншік иелерімен және пайдаланушыларымен қорғау міндеттемелерін, қорғау келісім шарттарын жасау;
- Отандық және шетелдік ұйымдармен жүзеге асырылатын ғылыми және мәдени бағдарламаларды әзірлеу мен іске асыруға қатысу;
- Тарих және мәдениет мәселелері бойынша ғылыми және ғылыми практикалық конференциялар, семинарларды дайындау және өткізуді ұйымдастыру;
- Музейлік құны бар заттарды жинау және насихаттау мақсатында тарихи-тұрмыстық, археологиялық, этнографиялық экспозициялар, ғылыми іс-сапарлар ұйымдастыру және өткізу;
- Ғылыми, есептеу-сақтау жұмыстарын және қозғалатын және қозғалмайтын тарих және мәдениет ескерткіштерінің, сондай-ақ, өзге де мемлекеттік мекеме аумағындағы мәдени құндылықтардың мемлекеттік есепке алынуын қамтамасыз ету;

1.2.Музейге келушілерге жұмыс тәртібінің уақыты: 9:00 - 18:00

Музей кеңсесінде демалыс күндері: сенбі, жексенбі

Музейлер демалыссыз жұмыс жасайды.


1.3. Музей директоры – Садықбеков Мәулен Жарылқасынұлы



II МУЗЕЙ- ҚОРЫҚҚА 2023 ЖЫЛҒЫ КЕЛУШІЛЕРДІҢ НЕГІЗГІ КӨРСЕТКІШТЕРІ

2.1. Музейге келушілер саны – 676 378 адам.


№	Музейге ақылы негізде келген қонақтар			Музейге ресми келген қонақтар			Көрме, іс-шара/ға келген қонақтар	Ұқаша ата кесенесі	Жүсіп ата кесенесі	Гаухар ана кесенесі	Сауран қала/ы	Барлығы
	А/с шетел	ТМД	Ш/е	ТМД								
	Қаңтар	10 448	6	129	3208	3						
Ақпан	16 485	12	153	1570	62	84	1534	1523	74	1957	43	23 497
Наурыз	50 182	113	445	15 582	67	60	3826	6123	195	6611	419	83 623
Сәуір	52 515	177	344	1152	48	87	3 800	7238	110	6911	509	72 891
Мамыр	73 311	335	807	1 888	79	41	5900	10 108	170	9634	819	103 092
Маусым	49 845	334	1046	20 777	176	267	972	6259	222	6200	1380	87 478
Шілде	41 712	335	752	8161	69	74	660	6812	170	7559	1389	67 693
Тамыз	35 023	348	617	5466	60	72	1116	6576	180	7593	612	57 663
Қыркүйек	26 198	1 271	880	1 683	89	225	2 876	6 012	150	6 457	914	46 755
Қазан	21 845	681	529	3726	141	189	4 989	6007	97	6385	613	45202
Қараша	19 447	105	443	4473	81	155	1883	3545	60	4410	499	35 101
Желтоқсан	8897	62	79	6168	33	254	5011	4309	503	3867	817	30000
Бар/ғы	405 908	3 779	6224	73 854	908	1528	39 789	65 431	2036	68 809	8 112	676 378





Музейге ақылы негізде келушілердің жалпы көрсеткіші:

Айы	Ересек	Балалар	Студент Зейнет.	Шетел	ТМД	Барлығы
Қаңтар	10 275	2 264	1 172	6	1 296	15 013
Ақпан	12 871	2 121	1 493	12	153	16 650
Наурыз	41 640	3 831	4 153	113	445	50 182
Сәуір	40 327	8 159	4 029	177	344	53 036
Мамыр	58 798	9 868	4 645	335	807	74 453
Маусым	46 607	-	3 238	334	1 046	51 225
Шілде	38 942	-	2 770	335	752	42 799
Тамыз	31 400	-	3 623	348	617	35 988
Қыркүйек	20 794	2 386	3 018	1 271	880	28 349
Қазан	17 646	1 874	2 325	681	529	23 055
Қараша	15 046	2 026	2 375	105	443	19 995
Желтоқсан	6747	949	1201	62	79	9038
Барлығы	341 093	33 478	34 042	3 779	7 391	419 783





2.2. Жалпы экскурсиялық көрсеткіштер:

Экскурсиялар саны – 9 628

Қатысқан адам саны – 172 359

Оның ішінде ересектері – 107 915

Жастар (балалар, оқушылар) – 43 466

Студенттер мен зейнеткерлер – 20 851

Шетелдіктер – 2 054

ТМД – 2 123


Айы	Экс топ	Ересек	Студент Зейнет.	Балалар	Шет.	ТМД	Экс.қамтылған адам саны
Қаңтар	204	3 842	283	1 657	9	84	5 875
Ақпан	661	6 394	1 225	1 673	9	22	9 323
Наурыз	973	13 670	2 616	7 372	10	-	23 668
Сәуір	984	12 710	2 707	5 128	-	15	20 560
Мамыр	1 048	13 492	2 559	5 055	65	72	21 243
Маусым	1 029	12 690	1 843	6 244	176	267	21 220
Шілде	940	12 443	1 877	5 691	150	200	20 361
Тамыз	790	9 471	2 370	3 586	167	253	15 847
Қыркүйек	914	8 488	1 985	1 742	996	664	13 875
Қазан	794	6 171	1 343	2 178	411	324	10 427
Қараша	750	5 679	1 468	2 564	54	195	9 960
Желтоқсан	541	2865	575	576	7	27	4050
Барлығы	9 628	107 915	20 851	43 466	2 054	2 123	172 359

Ақылы экскурсиялық көрсеткіш

Айы	Экс. топ	Ересек	Құны 1500	Бала	Құны 300	Шет	Құны 3000	Барл
Қаңтар	111	111	166 500 тг	-	-	-	-	166 500 тг
Ақпан	165	152	228 000 тг	9	2 700 тг	4	12 000тг	242 700 тг
Наурыз	501	321	481 500 тг	170	51 000тг	10	30 000тг	562 500 тг
Сәуір	523	339	508 500 тг	181	54 300тг	3	9 000тг	571 800 тг
Мамыр	511	268	402 000 тг	236	70 800 т	7	21 000 тг	493 800 тг
Маусым	551	336	504 000 тг	205	61 500 т	10	30 000 тг	595 500 тг
Шілде	490	366	549 000 тг	117	35 100 т	9	27 000 тг	611 100 тг
Тамыз	288	194	291 000 тг	89	26 700 т	5	15 000 тг	332 700 тг
Қыркүйек	409	280	420 000 тг	127	38 100 т	2	6 000 тг	464 100 тг
Қазан	343	202	303 000 тг	135	40 500 т	6	18 000 тг	361 500 тг
Қараша	386	228	342 000 тг	156	46 800 т	2	6 000 тг	394 800 тг
Желтоқсан	169	97	145 500 тг	71	21 300 т	1	3000 тг	169 800 тг
Барлығы	4 447	2 895	4 341 000 т	1 496	448 800т	59	177 000т	4 966 800 тг


Ақылы экскурсиядан түскен қаржы – 845 000 тг

№	Айлар	Қаржы (тг)	№	Айлар	Қаржы (тг)
1	Қаңтар	166 500 тг	7	Шілде	611 100 тг
2	Ақпан	242 700 тг	8	Тамыз	332 700 тг
3	Наурыз	562 500 тг	9	Қыркүйек	464 100 тг
4	Сәуір	571 800 тг	10	Қазан	361 500 тг
5	Мамыр	493 800 тг	11	Қараша	394 800 тг
6	Маусым	595 500 тг	12	Желтоқсан	169 800 тг
Барлығы		4 966 800 тг			



2.3. Дәрістер саны

Жылдар	2019	2020	2021	2022	2023
Лекциялар	226	158	177	289	52



2.4. Көрмелер


Жылжымалы және тұрақты көрмелер саны – 72

Музейде – 5

Музейден тыс - 33

Кітап көрмелері –47

КӨРМЕЛЕРДІҢ ЖЫЛДЫҚ КӨРСЕТКІШТЕРІ



2023 жылдың 15 қарашасы күні «Теңге. Ғасырлар сабақтастығы» тақырыптық көрмесінің тақырыптық экспозициялық жоспары талапқа сай деңгейде жасалып, көрме өтетін зал қайта жасақталды. Арнайы витриналар мен планшеттер тапсырыспен жасалып, экспонаттар музей экспозициясы талаптары бойынша хронологиялық және көркемдік жүйемен жасақталды. Көрме жоғары деңгейде ұйымдастырылды.

27 қазан – Қазақстан Республикасы Астана қаласындағы Ұлттық музейінде Өзбекәлі Жәнібековтың «Өзбекәлі Жәнібеков тағлымы» тақырыптық көрмесі өткізіледі. Көрмеге 60 қа жуық Ө.Жәнібеков тұтынған заттары мен шет елдерге барған сапарларында алып келген кәдесыйлары қойылады. Көрмеге және де Ө.Жәнібеков мәдениет министрі болып отырған тұста «Әзірет Сұлтан» музей-қорық қорына өткізген жәдігерлері де бар. Сонымен қатар, Ө.Жәнібековпен тығыз шығармашылық байланыста болған реставратор Оразбаев Арынбек ақсақалдың реставрация кезінде қолданған құрал саймандары және «КСРО – ның халық мұғалімі» Құсни Айтқалиевтың жеке заттары Атырау қаласынан алдырылып көрмеге қойылды. Тақырыптық экспозициялық жоспары талапқа сай жасалды. Көрме жоғары деңгейде ұйымдастырылды деп бағалауға болады.

«Мыңжылдықтар тоғысындағы Түркістан» көрмесі еліміздегі бас ұлттық мереке Республика күніне орай Қазақстан Республикасы Астана қаласындағы Ұлттық музейінде ұйымдастырылды. Еліміздің елдігі мен егемендігінің мәдени тарихының мәні мен мағынасын терең зерделеуге жол ашатын көрме экспозициясы 3 бөлімнен: «Тарихы терең Түркістан», «Түркістан – Түркі әлемінің рухани орталығы», «Жошы Ұлысынан (Ұлық Ұлыс) Қазақ хандығына дейін» тұрды.

Экспозицияның негізін археологиялық қазба экспонаттары (қару-жарақ, керамика өнімдері, тиындар, зергерлік бұйымдар және т.б.), архивтік құжаттар, фото - және бейнематериалдар, ежелгі авторлардың философия, математика, физика бойынша бірегей ғылыми еңбектері мен әдеби туындылар құрайды. Жалпы жәдігер саны – 127. Көрме Ұлттық музейдің 6 қабатындағы Уақытша көрме залына орналасты. Көрменің тақырыптық экспозициялық және дизайндық жоспарын жасауда бөлім қызметкерлері атсалысты. Көрмеге арналған экспонаттар музей экспозициясы талаптары бойынша хронологиялық және көркемдік жүйемен жасақталды. Көрме жоғары деңгейде ұйымдастырылды.



2.5. III. Мониторингтік бақылау және жылу-ылғалдылық режимін сақтау, бойынша жұмыстар

1. Қожа Ахмет Ясауи кесенесінің сақталуы соңғы жылдары мемлекет деңгейінде өзекті мәселе ретінде жиі көтеріліп, нақты шараларды қабылдау қажеттігін көрсетті. Жалпы кесенені сақтау мәселесіне ішаралар 2022 жылдан бері қарай жүргізіліп келеді. 2023 жылдың қаңтар айында «Қазқайтажаңғырту» РМК тарапынан кесененің Қазандық бөлмесінің күмбезінің ішкі және сыртқы аумақтарына ылғалдылық пен ауа айналымының көрсеткішін анықтайтын арнайы 7 құрылғы орнатылды. Кабельдік жүйе арқылы қосылған құрылғылар жұмыс станциясындағы компьютерге ылғалдылық пен ауа айналымының күнделікті көрсеткіштерін жеткізіп отырады.



Жылу-ылғалдылық құралдарын орнату жұмыстары



2.6. Қор сақтау және құжаттау жұмыстары

Қор сақтау және есепке алу бөлімінің 2023 жылы атқарған жұмыс есебі Тіркеу және мемлекеттік есепке алу жұмыстары бойынша

Музей қорында жыл басында 25 847 дана жәдігер болған, оның 14 041 данасы негізгі қор, 11 806 данасы ғылыми көмекші қор есебінде болған.

Жыл барысында 64 дана зат музей қорына сый ретінде қабылданды.

Қазіргі күні музей қорында 25 911 дана жәдігер, оның 14 042 данасы негізгі, 11 869 данасы ғылыми көмекші қор есебінде тұр.

26 – данасы этнографиялық

29 – данасы жазба ескерткіштер

7 – данасы нумизматикалық

2 – данасы археологиялық жәдігерлер

Жәдігерлер төрт ғылыми классификацияланған топқа бөлінген. Олар:

Археологиялық жәдігерлер тобы - 5785 дана (3280/2505).

Этнографиялық жәдігерлер тобы - 2830 дана (2190/640).

Жазба ескерткіштер тобы - 3034 дана (649 /2385).

Нумизматикалық жәдігерлер тобы - 14 262 дана (7923/6339).

25 911 дана жәдігердің 219 данасы музейлер экспозициясында, оның ішінде:

- 112 данасы негізгі қор; - 107 данасы ғылыми көмекші қор

25 691 данасы қор сақтау бөлмесінде, оның ішінде

- 13 923 данасы негізгі қор; - 11 762 данасы ғылыми көмекші қор

- 7 дана жоқ жәдігер (жоғалған)

1 данасы 24/а,б Есік. XIVғ. «Қырым Аралы» ғылыми реставрациялық зертханасында қайта калына келтірілуде.

Қор сатып алу (қор іріктеу) комиссиясы арқылы қабылданған 64 дана затқа атрибуция жасалып, ғылыми жіктелуіне қарай топтарға бөлініп, қабылдау актісі жасалды, бас кітапқа тіркеліп, инвентарь карточка ашылды, толтырылған карточкаларды компьютерге ендіру жұмыстары жүргізілуде.

Инвентарлық кітапқа тіркелетін жәдігерлердің жалпы саны - 14 042

тіркелгені - 13 659, тіркелмегені - 383 (383 жазбадан)

70 – дана жәдігер археология тобынан тіркелді.

11 – дана жәдігер жазба ескерткіштер тобынан тіркелді.

2023 жылы музей қорының жәдігерлерін Ұлттық мәдени игілік объектілерінің тізіліміне енгізу барысында 1409 аталым, 1727 сақтау бірлігінің мәліметтері қазақ орыс тілінде дайындалып, 2023 жылғы 13 маусымда өткен ҰМНО-нің айрықша режимі бойынша сарапшы комиссия отырысының шешімімен 1727 сақтау бірлігі елдің тарихы мен мәдениеті үшін айрықша маңызы бар деп танылды. Олар;

Археология қоры – 1082 сақтау бірлігі (1-770), Нумизматика қоры– 126 сақтау бірлігі (771-894), Этнография қоры – 90 сақтау бірлігі (895-981), Жазба ескерткіш қоры – 429 сақтау бірлігі (982-1409)

ҚР музей қоры мемлекеттік каталогының тізіліміне енгізуге ұсынылатын – 465 дана жәдігердің қазақ және орыс тіліндегі мәліметтері дайындалды.

Мемлекеттік тізілімге жіберілген жәдігерлердің жалпы саны – 8579

«Музей Ас» бағдарламасының базасына ендіру жұмыстары бойынша - 321 дана жәдігердің қабылдау актілері базаға тіркелді. Қазіргі күнге дейін жалпы саны – 564 қабылдау акт, инвентарь карточка базаға тіркелді.

Ақпараттық насихат және ғылыми-зерттеу жұмыстары бойынша

Ғылыми құжаттау жұмысы - 272

26 – археология тобынан

20 – этнография тобынан

11 – жазба ескерткіштер тобынан



215 – нумизматика тобынан

Ақпараттық мақалар саны – 42

10 – археология тобынан

6 – этнография тобынан

11 – жазба ескерткіштер тобынан

16 – нумизматика тобынан

Сақтау және қайта қалпына келтіру жұмыстары бойынша

Қайта қалпына келтірілген жәдігерлер саны – 22

Консервация жасалған жәдігерлер саны – 7

Жалпы саны – 29 жәдігер қалпына келтірілді.

1. 18 мамыр Халықаралық музейлер күніне орай «**Қайратым да айбатым да – қаруым**» атты көрме құрылды. Көрмеге музей қорынан 107 (80 данасы негізгі қор есебінен, 27 данасы ғылыми көмекші қор есебінен) жәдігер шығарылып көрерменге таныстырылып насихатталды.

2. 24.05.2023 – 14.06.2023 жылы М.Тынышбайұлы атындағы Жетісу облыстық тарихи-өлкетану музейінде «**Теңгелер сыр шертеді**» атты көрме қойылды.

3. «Түркістан тарихы» музейінде Тәуелсіз Қазақстанның төл валютасы – теңгенің 30 жылдығына орай құрылған «Теңге. Ғасырлар сабақтастығы» атты көрме ашылды. Көрмеге 160 дана негізгі қор есебінен жәдігер шығарылды. Көрме құру жұмысына қор сақтау және есепке алу бөлімінен Т.Жолдасов, Е.Муташев қатысты.

«**Алматы кітап**» баспасы Музей қорын насихаттауда тақырыбымен танымдық-ақпараттық материал дайындау мақсатында «Алматы-кітап» баспаханасының қызметкерлеріне музей қорынан 300 - жуық құнды жәдігерлер таңдалып, олар жайлы мәліметтер беріліп, суретке түсірілді.

Біліктілікті арттыру: Қор сақтаушылар Т.Жолдасов пен Д.Адиев қыркүйек айының 11-16 аралығында Астана қаласындағы Ұлттық Музейдің қор сақтау бөлімінде ҰМНО-ін жалпыұлттық жәдігерлер тізіміне ендіру жолын үйреніп келді.

Экспозиция және қор сақтау жұмыстары бойынша:

Экспозицияда тұрған топ жәдігерлерінің сақтығы мен өзгерістері музей қараушылармен бірлесе бақыланып тұрды. Қор сақтау бөлмелерінің ылғалдылық режимі мен бөлме температурасы үздіксіз қадағаланып отырады.

Көрме жұмыстары бойынша:

Көрмеге шығарылған жәдігерлер саны – 1200 дана. Оның ішінде негізгі қордан 849 дана, ғылыми көмекші қордан 351 дана.

«Әзірет Сұлтан» музей-қорығының фейсбук және тик-ток парақшаларына қордың құнды жәдігерлерінен видеоролик түсіріп жариялау -42

Қосымша жұмыстар:

1. Жүзіктер көшірмесі жасалды.

2. Қылуат жер асты мешітіндегі ғар макеті қайта жаңғыртылып орнына қойылды.

3. Көрмелерге макеттер жасалды.

4. Мекемеде өткізіліп жатқан іс-шараларға атсалысу

2022 жылғы есеппен 2023 жылғы есепті салыстыру

- ▶ Сыйға берілген жәдігерлер саны – 64 (33)
- ▶ Инвентарлық кітаппен жұмыс – 81 (103)
- ▶ ҚР музей қоры мемлекеттік каталогына – 334 (475)
- ▶ «Музей АС» бағдарламасының базасына – 321 (288)
- ▶ Жәдігерлердің ғылыми құжатталуы – 272 (210)
- ▶ ҚР Ұлттық мәдени игілік объектілерінің мемлекеттік тізіліміне – 1727
- ▶ «Әзірет Сұлтан» музей-қорығының ресми сайтына мақала – 42 (27)
- ▶ «Әзірет Сұлтан» музей-қорығының ФБ-те мақала – 42 (22)
- ▶ Музейдің tik-tok желісіндегі парақшасында жар-н видеоролик – 42(26)
- ▶ Қайта қалпына келтірілген жәдігерлер саны – 22
- ▶ Консервация жасалған жәдігерлер саны – 7



2.7. «Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы» РМҚК Тарихи-мәдени мұра ескерткіштерін қорғау және есепке алу бөлімінің 2023 жылы атқарған жұмыстарының

ЕСЕБІ

I. Құжаттау және есепке алу жұмыстары.

Тарихи-мәдени ескерткіштердің жалпы саны – 45

№	Ескерткіштердің рәсімделуі	Жалпы саны
1.	Халықаралық маңызы бар	1
2.	Республикалық маңызы бар	23
3.	Жергілікті маңызы бар	2
4.	Алдын-ала тізімге енгізілгені	19

Типологиялық ерекшеліктері бойынша тізімі

№	Ескерткіштердің түрлері	Жалпы саны
1.	Ортағасырлық және ХІХ-ХХғғ тән қала құрылыс және сәулет ескерткіштері	27
2.	Киелі объектілер	6
3.	Археология	12

II. Ескерткіштерді қорғау, сақтау жұмыстары.

1. Музей тізіміндегі Әлқожа ата кесенесінің жер аумағына сәйкестендіру құжаты (гос.акт) жасалынды.
2. Жүсіп ата сапар орталығының ғимаратын музей балансына қабылдау жұмыстары жүргізілді.
3. Құмшық ата қылуы және Жәудір ана мешіт-медресесі ескерткіштеріне жаңадан сәйкестендіру құжаттары жасалынды.
4. Бөлім археологы М.Тұяқбаев тарихи ескерткіштерді ғылыми айналымға енгізу, насихаттау бағытында бірқатар жұмыстарды атқарды. Атап айтқанда, музей құрамындағы тарихи объектілердің экскурсиялық мәтіндеріне түзету, толықтыру жұмыстарын жүргізді, музей сайтына шығарылатын экспонаттар жайлы видео түсірілімдерге қажетті мәтіндерді әзірледі.
5. Сауран кешені бойынша «Сауран қалашығы» қорғау аймағының жобасы әзірленіп Түркістан облысының әкімдігіне бекіттіруге ұсынылды.



2023 жылдың 17-18 сәуір күндері

«Әлемдік мәдени мұраларды қорғау, сақтау және басқару» Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясы өткізілді.

Конференция Мәдениет және спорт министрлігі Мәдениет комитетінің қолдауымен 2023 жылдың 17-18 сәуір күндері өткізілді. Конференция жұмысы Қожа Ахмет Ясауи кесенесінің ЮНЕСКО-ның Бүкіл әлемдік мұралар тізіміне енгеніне 20 жыл толуына орай ұйымдастырылды. Негізгі мақсат Қожа Ахмет Ясауи кесенесінің сақталу жағдайына қатысты мәселелерді сараптап, талдауға бағытталды. Конференцияға Түркия, Өзбекстан, Әзірбайжан, Ресей, Қырғызстан елдерінен арнайы ғалым-зерттеушілер қатысты. Одан бөлек отандық мәдениет басқармалары, тарихи-мәдени мұраны қорғау орталықтарының өкілдері қатысты. Бағдарлама жоспарына сәйкес 17 сәуір күні конференция қатысушыларына музей-қорыққа қарасты Сауран қалашығы, Қожа Ахмет Ясауи кесенесін аралап, ескерткіштердің тарихы және сақталу жағдайымен, жүргізілген қалпына келтіру жұмыстарымен танысып шықты. Қонақтарға музей-қорық қызметкерлері т.ғ.к. М.Тұяқбаев, Д.Саидвақасов, Ш.Жүнісбаев, Г.Жүзбаевалар қазақ, орыс және түрік тілдерінде экскурсия жүргізді.



Қожа Ахмет Ясауи кесенесіне экскурсия

Конференция жұмыстарынан көрініс



Конференцияның модераторы ретінде бағдарламаға сәйкес музей-директоры Садықбеков Мәулен жүргізіп отырды. Сахна төрінде пленарлық отырыстың негізгі баяндамашылары отырды. Конференцияға қатысушылар тікелей кесененің қазіргі таңдағы сақталу жағдайымен оған әсер ететін факторлар, тарихи ескерткішті тиімді қорғау, қолдануға бағытталған тұшымды мақалалар мен презентациялар айтылды. Бұл конференцияның ерекше тұсы арнайы Ресей Федерациясы, Мәскеу Мемлекеттік ғылыми-реставрация институтының білікті мамандарының қатысуы болды. Сонымен қатар, «Қырғызреставрация» РМК директоры, академик Джумамедель Джумабаевтың баяндамасы тыңдалды. Кесене аумағындағы жасыл желектердің тарихи ескерткішке әсері жөнінде Республикалық Ботаника институты тыңғылықты баяндама жасады. Кесенеге ғылыми-реставрациялық жұмыстарды жүргізетін «Қазқайтажаңарту» РМК мекемесі де атқарылып жатқан жұмыстары жайлы баяндама жасады.



Қорытынды: Қожа Ахмет Ясауи кесенесі Қазақстанда ғана емес, бүкіл Орта Азияда теңдесі жоқ сәулеттік туынды болып табылады. конференция Қожа Ахмет Ясауи кесенесінің ЮНЕСКО-ның тізіміне алынғанына 20 жыл толуы және 18 сәуір Халықаралық тарихи орындар күніне орай ұйымдастырылды. Оның сақталуы әрдайым мемлекеттің және ЮНЕСКО-ның бақылауында. Қожа Ахмет Ясауи кесенесінің техникалық жай-күйін зерттеу, бақылау және қалпына келтіру жұмыстары үздіксіз жүргізіліп тұрады. 2022 жылы кесененің техникалық жай-күйіне қатысты бірқатар конференциялар, семинар-кеңестер өткізілді. Мамандардың жан-жақты пікірлері сараланып, ғылыми-зерттеу институттарының ұсыныстары жинақталған болатын. Кезекті конференция осы жұмыстардың қорытындысы ретінде өткізілді десе де болады. Конференцияның тағы бір ерекшелігі Республика көлемінде облыстық тарихи-мәдени мұраны қорғау орталықтарының мамандарының бас қосуы. Ескерткіштерді қорғау, сақтау бағытындағы тәжірибелер мен ұсыныстар ортағы салынып, қызу пікір алмасулар болып, нәтижесінде шет елдік мамандармен келісім арқылы жұмыстар жүргізілетін болды.



2023 жылдың 11-13 қазан күндері ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің ұйымдастыруымен және қолдауымен Жібек жолы номинациясының құжаттамасын дайындау жөніндегі жұмыс тобының мүшелері: Ферғана –Сырдария дәлізі (Қазақстан, Қырғызстан, Тәжікстан, Өзбекстан) қатысушы елдер ЮНЕСКО-ның алдын-ала тізіміне енген тарихи мұра объектілерінің жай-күйі туралы (сараптау, талқылау) бірлескен есепті дайындау үшін жұмыс тобының кеңесін өткізді. Кеңес барысында номинацияға ұсынылған тарихи объектілер (Отырар, Сауран, Сығанақ, Жанкент) қалашықтарының құжаттамалық таныстырылымы жасалынды.

12-13 қазан күндері Қазақстан, Қырғызстан, Тәжікістан, Өзбекстан елдерінің сарапшылары Түркістан, Қызылорда облыстарының тарихи мәдени ескерткіштерінде болып, атқарылған жұмыстарымен танысты.



2023 жылдың 23-25 тамыз күндері Иран, Өзбекстан елдерінен арнайы келген реставраторлар ғалым-зерттеушілер Қожа Ахмет Ясауи кесенесімен танысып, жүргізілген реставрациялық жұмыстар, кесененің қазіргі таңдағы сақталу жағдайына сараптама жұмыстарын жүргізді.



2023 жылы Ясауи кесенесінде кешенді-ғылыми зерттеу жұмыстарының

I кезеңі аяқталды.

Қожа Ахмет Ясауи кесенесінде ұзақ мерзімді кешенді ғылыми зерттеу жұмыстарының жүргізілуіне байланысты 2023 жылдың шілде-қазан айлары аралығында құрылыс сатылары орнатылды.



2023 жылы Қазақ сәулет ғылыми зерттеу институты, Қазқайтаңарту мекемелері бірлесіп Ясауи кесенесінің іргетасының сақталу жағдайын анықтау үшін Қазандық бөлмесінің еденіне шурф түсіру жұмыстарын жүргізді

Әр ай сайын кесене аумағындағы дренаж құдықтарын тазалау жұмыстары жүргізілді.





2023 жылғы Қожа Ахмет Ясауи кесенесі маңындағы жер асты суларының деңгейін бақылау

Қожа Ахмет Ясауи кесенесі айналасында он үш дренаждан және Құдықхана бөлмесі мен Жұма мешіттегі құдықтардан әр он күнде жер асты су деңгейі өлшеніп тіркелді. Кесене маңындағы дренаждардың орналасу орындары мен жылдық орташа көрсеткіші мен кестесі құрылды.

Қожа Ахмет Ясауи кесенесі маңындағы дренаждар нөмері мен орындары	Қаңтар	Ақпан	Наурыз	Сәуір	Мамыр	Маусым	Шілде	Тамыз	Қыркүйек	Қазан	Қараша	Желтоқсан	Орташа
№1 батыс жағында	8,67	8,57	8,53	8,59	8,73	8,73	8,56	9,36	9,37	9,13	8,92	9,77	8,91
№2 батыс жағында	8,73	8,59	8,57	8,62	8,70	8,71	8,49	9,37	9,47	9,81	8,96	9,90	8,99
№3 батыс жағында	9,22	8,62	8,65	8,60	8,64	8,66	8,53	9,39	9,13	9,62	8,95	9,03	8,92
№4 солтүстік бетте	8,77	8,60	8,61	8,62	8,70	8,71	8,55	9,35	9,44	9,35	8,94	9,90	8,96
№5 солтүстік бетте	5,12	4,95	6,65	6,56	6,60	6,70	7,37	8,05	8,52	4,76	4,86	8,94	6,59
№6 солтүстік бетте	8,85	8,69	8,74	8,71	8,73	8,78	8,68	9,43	9,49	9,47	8,99	9,97	9,04
№7 шығыс жағында	8,91	8,71	8,82	8,67	8,71	8,68	8,75	9,47	9,61	9,49	9,11	10,07	9,08
№8 шығыс жағында	8,79	8,65	8,71	8,29	8,44	8,48	8,92	9,36	9,46	9,44	9,07	9,86	8,95
№9 шығыс жағында	9,03	9,44	8,89	8,92	9,02	9,05	8,87	9,47	9,74	9,63	9,18	10,18	9,28
№10 оңтүстік бетте	8,67	8,57	8,64	8,65	8,68	8,77	8,94	9,34	9,42	9,32	8,89	10,09	8,99
№11 оңтүстік бетте	8,91	8,83	8,85	8,74	8,76	8,79	8,82	9,57	9,62	9,56	9,13	10,18	9,14
№12 Есімхан мазарының батыс жағында	8,41	8,32	8,69	8,93	9,03	9,08	8,38	8,22	8,61	8,73	8,16	9,62	8,68
№13 Құдықхана бөлмесінде	8,77	9,15	9,15	9,33	9,39	9,43	9,57	9,62	9,85	9,92	12,24	12,37	9,89
№14 Жұма мешіт ауласында	11,49	11,71	11,76	11,67	11,68	11,71	11,85	11,96	12,43	12,46	9,47	12,95	11,76
№15 Кесененің батыс жағында	8,44	8,79	8,77	8,74	8,81	8,71	9,33	9,36	9,64	9,45	9,63	9,82	9,12



2023 жылдың желтоқсан айында бөлім басшысы А.Кәрім және ЖЫР инженері С.Рустемов «Сәулеттік ескерткіштерде климаттық жағдайды қамтамасыз ету және сақтаудың негіздері» тақырыбында Ресей мемлекеттік ғылыми реставрация институтында біліктілікті арттыру курсынан өтіп келді.



IV. Ақпараттық насихат жұмыстары.

- Әлеуметтік желі бойынша:
- Facebook – 58, Instagram – 58, Tik tok – 32, You tube – 9 ақпараттар жарияланды.
- Бөлім қызметкерлері тарапынан 16 ғылыми мақала, 7 шеберлік сағаты, 5 сұхбат, 15 экскурсиялық мәтін дайындалды.
- Атап айтқанда;
- Тайқазанды 1934 жылы Ленинградқа алып кетуі жайлы екі панноға эскиз жобасы жасалынды.
- Орта ғасырдағы ақша соғатын шеберхананың жұмыс көрінісіне эскиз жобасы жасалынды.
- Музейде археолог болып жұмыс істеген Қайрат Мұсабаевтың жеке кітапханасынан 572 кітапты музейдің ғылым кітапхана қорына өткізу жұмыстары жүргізілді. Сол кітаптардан 16 тақырып бойынша сұрыптап, 62 қорапқа салынды.
- 2023 жылдың наурыз айында бөлім археологы М.Тұяқбаев Қожа Ахмет Ясауи кесенесі мен Түркістан тарихы жайлы «Түркістан» телеарнасына сұхбат берді.
- «Зооморфтық бейнедегі шырақ-түтіндеткіш» деген тақырыпта музей қорында сақталған түтіндеткіштерге ғылыми сараптама жасалынды.
- «Ұмыт қалған өнерпаздар» атты хабарға жергілікті суретші, ақын, сазгер, тарихшы, реставратор Ердос Қонысовтың өмірі мен қызметі, еңбектері жайлы сұхбат берілді.
- Наурыз айының 28 күні Ясауи атындағы ХҚТУ-нің студенттеріне «Түркістан қаласының зерттелу тарихы» деген тақырыпта лекция оқылды.
- Ясауи кесенесінде жерленген Құттыбай би жайлы ұрпақтары өткізген жазба құжаттарына сараптама жасалынды.
- Мамыр айында Түркістандағы кіші Қылует, Түркістандағы Тим базары, Құмшық ата, Шілдехана тарихи объектілеріне экскурсиялық мәтіндер дайындалды.
- «Фараб» кітапханасында Түркістан облысы Адами әлеуетті дамыту басқармасын ұйымдастыруымен өткізілген конференцияда «Әзірет Сұлтан» кесенесінде жүріп тұру әдебі, сақталатын ережелер мен заңдар жайлы мектеп оқушыларына лекция оқылды.
- Түркістан қаласындағы Назарбаев Зияткерлік мектебінің оқушыларына Түркістан өлкесінің, қалаларының тарихы, археология ғылымы мен оның ерекшеліктері жайлы лекция оқылды.



- 2023 жылдың 23 маусым күні Чех Республикасының Депутаттар палатасының вице-спикері Ян Бартошек бастаған делегация музей-қорыққа қарасты Сауран қалашығымен танысты. Музей археологы, т.ғ.к Марат Тұяқбаев делегация мүшелеріне Сауранның тарихы, жүргізілген архелогиялық қазба жұмыстары жайлы экскурсия



жүргізді.

«Қазқантажанарту» РМҚ тарапынан Әулие Құмшық ата жер асты қылуында қалпына келтіру жұмыстары жүргізілді.



Түркістан облысы әкімдігі тарапынан Әлқожа ата кесенесіне абаттандыру жұмыстары жүргізілді, 2024 жылы бұл жұмыстар жалғасын табатын болады.



V.Бақылау, ескерткіштерді күтіп ұстау жұмыстары.

Музейге қарасты тарихи ескерткіштердің белгі тақтайшалары жаңартылып, қайта орнатылды.



2.8. Имидждік өнімдері

2023 жылы «Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи – мәден музей – қорығы» құрамында 2021-2023 жылдары жұмыс атқарған 2 ғылыми жоба бойынша жарық көрген «Түркістан қаласының тарихы» және «Қазақстанның рухани жерасты мешіттерінің тарихы мен қызметі» атты монографиялық кітаптардың, «Қазақстандағы рухани жерасты мешіттері» атты анықтамалық жинақ, «Түркістан қаласының тарихы архивтік құжаттарда», «Түркістан қаласының тарихы» атты оқу құралдары жарық көрді. Бұл еңбектер түркі дүниесінің рухани астанасы болған ежелгі шаһар тарихына арналған. Еңбектер тек тарихшыларға ғана емес, сонымен бірге, саясаттанушыларға экономистерге, қаланың барлық салаларда дамуына мүдделі аумақтық және жергілікті басқару органдарына, Отан тарихына қызығатын көпшілік қауымға арналған.





III. ҒЫЛЫМИ – ЗЕРТТЕУ ЖҰМЫСТАРЫ

3.1 Ғылыми шараларды ұйымдастыру және оларға қатысу

2022 жылы 37-мәдени іс-шара ұйымдастырылса, 2023 жылы 24 мәдени іс-шара ұйымдастырылып, 63 ғылыми мақала жарияланып, 3 байқау, 4 ғылыми экспедиция, музей-қорық жанындағы 8 ғылыми кеңес отырысы өткізілді.

Ғылыми жұмыстар бойынша ғылыми еңбек жинақтары, мақалалар, каталогтар және жол сілтеуші басылымдар шығару жұмыстарына қатысып, тарихи-мәдени мұраны насихаттауға және таратуға бағытталған көрмелер, лекциялар және іс-шараларды өткізу жұмыстарын атқарды.

«Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы жанынан құрылған ғылыми кеңес отырысын ұйымдастырды.

Бөлім қызметкерлерінің ұйымдастыруымен Астана қаласында халықаралық кітап көрмесі, Талдықорған қаласында «Тиындар сыр шертеді» тақырыптық көрмелері, ҚР Ұлттық музейінің «Берел қазыналары», Қазқайтажаңғырту мекемесінің 50 жылдық мерейтойына арналған және Астана қаласында ҚР Ұлттық музейінде «Мыңжылдықтар тоғысындағы Түркістан», «Өзбекәлі Жәнібеков тағылымы» көрмелері, Наурыз мерекесін атап өту барысында арқан тарту, тоғыз құмалақ, асық ату, жебе тарту сайыстары, сонымен қатар «Түркістан және тарихи ескерткіштер» тақырыбында жас суретшілер байқауы, «Ясауитану – 23» республикалық дәстүрлі оқушылар байқауы, «Ұлтын ұлы биіктерге көтерген тұлға – Темірбек Жүргенов» атты дөңгелек үстел, «Әлемдік мәдени мұраларды қорғау, сақтау және басқару», «Қ.А.Ясауи іліміне жаңа көзқарас» тақырыбында халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциялар сынды ғылыми-мәдени шаралар ұйымдастырылды.

Ғылыми жұмыстар бойынша ұжым қызметкерлері Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі жариялаған ғылыми техникалық бағдарламалар барысында екі гранттық ғылыми жоба бойынша жұмысты қорытындылап, ҰМҒСТО (ұлттық мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптама орталығына қорытынды есеп тапсырылды. Бағдарлама аясында Шетелдік рецензияланатын Scopus базасындағы ғылыми журналға 1 ғылыми мақала жарияланып, 1 ғылыми мақала 2023 жылдың №4 санына шығатыны туралы анықтама алынды. ҚР БЖҒСБК ұсынған рецензияланатын отандық басылымдарда 2 ғылыми мақала баспаға ұсынылды.

Атап айтқанда:

1. Scientific analysis of archaeological research on the underground mosque “Khilvet”. «Археология Евразийских степей» журналының №4 санында жарияланды;
2. Scientific research of historical and cultural monuments of the Syrdarya region of Turkestan by Russian scientists (XIX- early XX centuries). «Bylye Gody» журналына (журналдың №4 санына жарияланатыны туралы анықтама бар);
3. ««Қылу» ұғымы және оқшаулану дәстүрі». «<https://edu.e-history.kz>» журналына (журналдың №4 санына жарияланатыны туралы анықтама бар);
4. «Қылу жерасты мешітіндегі Ясауи мөрлерінің зерттелуі». «Отан тарихы» журналына (журналдың 2024 жылдың №1 санына жарияланды).


Сонымен қатар, түрлі ғылыми-тәжірибелік конференция материалдар жинағына 57 ғылыми мақала жарияланды.

Көрме жұмыстары бойынша музейде және музейден тыс көшпелі көрмелер саны 64, былтырғы 2022 жылмен салыстырғанда 2 көрмеге аз (66 көрме).

Жыл басынан бері «Музейге жол» акциясы ұйымдастырылды, оған Түркістан қаласында орналасқан жалпы орта мектептер мен балабақшалардан 3500 – ге жуық оқушылар мен бүлдіршіндер қамтылды.



«Ұлыстың ұлы күні – Наурыз», 18 мамыр – халықаралық музейлер күні және 1 маусым халықаралық балаларды қорғау күніне, 2 шілде – домбыра күніне арналған мәдени іс-шаралар ұйымдастырылды.





3.2 Ғылыми кеңес отырыстары

«Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы жанындағы Ғылыми кеңесі отырысы 2023 жылдың қаңтар айынан бері 8 рет өткізілді.

Ай	Қаралатын мәселелер	Баяндамашы	Комиссия
Ақпан	<ol style="list-style-type: none"> «Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейінің 2023 жылға арналған жұмыс жоспарын бекіту Ғылыми кеңестің 2023 жылға арналған жұмыс жоспары мен құрамын және ережесін бекіту «Ұлттық валютаға 30 жыл» тақырыбында өтетін көрме материалдарын талқылау Әр түрлі мәселелер <ul style="list-style-type: none"> - Кесенеде жерленген тарихи тұлғалардың тізімін қайта қарау мәселесі; - Қу дауысты Құттыбай би Нарынбайұлын тізімге қосу мәселесі 	Директор орынбасарлары Кеңес мүшелері Т.Жолдасов Б.Байболов М.Тастанбеков М.Тұяқбаев	Кеңес мүшелері
Наурыз	<ol style="list-style-type: none"> «Ясауитану» республикалық байқауын ұйымдастыру жұмыстары «Әлемдік мұраларды қорғау, сақтау және басқару» тақырыбында халықаралық конференция жұмыстары «Берел қорымдары» көрмесінің материалдарын талқылау Әртүрлі мәселелер 	Б.Байболов А.Кәрім Кеңес мүшелері	
Сәуір	<ol style="list-style-type: none"> Музейдегі өрт қауіпсіздігі, еңбек қауіпсіздігі ережелерінің сақталу жайы 18 мамыр – Халықаралық музейлер күні қарсаңында өтетін мәдени-көпшілік шараларды ұйымдастыру «Музей қорындағы қару түрлері» көрмесінің материалдарын талқылау «Сауран құпиялары» көрмесінің материалдарын алқылау Әртүрлі мәселелер 	Б.Нұрханов М.Тастанбеков Н.Әшірбекова Б.Байболов	
Мамыр	<ol style="list-style-type: none"> «Жәдігерлерді реставрациялау мәселелері» тақырыбында халықаралық семинар-тренинг ұйымдастыру «Қожа Ахмет Ясауи мұрасы мен ілімінің зерттелу мәселелері» тақырыбында халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция өткізу мәселесі бойынша Әр түрлі мәселелер 	Н.Әшірбекова Н.Дүкенбаев	
Маусым	<ol style="list-style-type: none"> Бөлімдердің 6 айлық есебін тыңдау «Ұлт руханиятының жаршысы» тақырыбында көрменің материалдарын талқылау Алматы қаласында «Қожа Ахмет Ясауи мұралары» тақырыптық көшпелі көрмесінің материалдарын талқылау «Қ.А.Ясауи кесенесі туралы деректер» (100 құжат) кітабын баспаға ұсыну Әртүрлі мәселелер 	Бөлім басшылары Б.Байболов Б.Байболов Н.Дүкенбаев	



Тамыз	<ol style="list-style-type: none"> «Қожа Ахмет Ясауи мұрасы мен ілімінің зерттелу мәселелері» тақырыбында халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияның дайындық жұмыстары «Құт дарыған Тайқазан» тақырыбында көрменің материалдарын талқылау Әртүрлі мәселелер 	Н.Дүкенбаев Б.Байболов	
Қыркүйек	<ol style="list-style-type: none"> 25 қазан - Республика күні мерекесіне арналған жоспарға сәйкес ұйымдастырылатын іс-шаралардың дайындық барысы туралы 15 қараша – Ұлттық валюта күніне орай ұйымдастырылып отырған «Түркістан тарихына қатысты ақшалар» атты көрменің тақырыптық жоспарын бекіту. Бөлімдердің 9 айлық есебін тыңдау Әртүрлі мәселелер 	М.Тастанбеков Н.Әшірбекова Бөлім басшылары	
Қазан	<ol style="list-style-type: none"> «Түркістан тарихы» оқулығын баспаға ұсыну «Қазақстандағы рухани жерасты мешіттері» монографиясын баспаға ұсыну Ғалым Девин Деуистің «Ясауи мұраларына» қатысты кітаптарын баспаға ұсыну <p>Әр түрлі мәселелер</p>	М.Тастанбеков Х.Тұрсұн Н.Дүкенбаев	
Қараша	<ol style="list-style-type: none"> «XX ғасырдың ортасы мен XXI ғасыр басындағы Түркістан қаласының әлеуметтік-экономикалық және мәдени тарихын кешенді зерттеу» гранттық ғылыми жобасының 2023 жылғы есебін бекіту Қазақстанның рухани жер асты мешіттерінің тарихы және «Қылуат жерасты мешітін» музейлендіру» гранттық ғылыми жобасының 2023 жылы атқарған жұмыстарының есебін бекіту Әр түрлі мәселелер 	М.Тастанбеков Х.Тұрсұн	
Желтоқсан	<ol style="list-style-type: none"> Бөлімдердің есептерін тыңдау Музейдің жылдық есебін талқылау Музейдің 2024 жылға арналған жоспарын бекіту 	Бөлім басшылары	

3.3 Ғылыми кітапхана ісі

Музейдің ғылыми кітапхана қорында 2022 жылдың басында **7337 дана** кітап тіркелді. Сатып алынған кітап - жоқ. 2022 жылғы мәлімет бойынша жалпы кітап саны – 7337 дана. 2023 жылғы мәлімет бойынша – 7337 дананы құрайды.




IV. ҚАРЖЫ ТУРАЛЫ


4. Кәсіпорынның қаржылық кірістері

к/с	Шығын атауы	2022 жылы	2023 жылы	Айырмасы, +, -
	Барлығы, мың теңге	996 987,9	465 047,9	-531 940,0
	Оның ішінде :			
1	Бюджеттен бөлінген қаражат	797 401,3	263 842,5	-533 558,8
	- <i>Субсидия</i>	204 606,0	239 279,0	+34 673,0
	- <i>Сапар орталықтарының құрылыс жұмыстарына</i>	566 957,5	-	-566 957,5
	- <i>Ғылыми жобаларды қаржыландыруға</i>	25 837,8	24 563,5	-1 274,3
2	Ұлттық қордан бөлінген қаржы	-	-	-
3	Ақылы қызмет көрсетуден түскен қаржы	93 984,7	112 408,5	+18 423,8
4	Қайырымдылық көмек көрсетуден түскен қаржы	105 601,9	88 796,9	-16 805,0

2022 жылғы кірістің үлесі




2023 жылғы кірістің үлесі




4.1. Бюджеттен бөлінген қаржы

к/с	Шығын атауы	2022 жылы	2023 жылы	Айырмасы, +,-
	Барлығы, мың теңге	204 606,0	239 279,0	+34 673,0
	Оның ішінде :			
1	Қызметкерлерге жалақы мен әлеуметтік төлемдер төлеуге	188 249,2	225 861,2	+37 612,0
2	Іссапар шығындарына	1 679,5	-	-1 679,5
3	Материалдық базаны нығайтуға	2 510,5	1 749,8	-760,7
4	Коммуналдық төлемдерге	2 224,3	3 224,0	+999,7
5	Күзет қызметіне	9 942,5	8 444,0	-1 498,5






2022 жылғы қаржы



2023 жылғы қаржы



4.2. Ғылыми жобаларға бөлінген қаржы


к/с	Шығын атауы	2022 жылы	2023 жылы	Айырмасы, +, -
	Барлығы, мың теңге	25 837,8	24 563,5	-1 274,3
	Оның ішінде :			
1	«XIX ғасырдың ортасы – XXI ғасыр басындағы Түркістан қаласының әлеуметтік-экономикалық және мәдени тарихын кешенді зерттеу»	17 581,5	17 367,4	-214,1
2	«Қазақстанның рухани жер асты мешіттерінің тарихы және «Қылуат жерасты мешітін» музейлендіру»	8 256,3	7 196,1	-1 060,2




4.3. Ақылы қызмет көрсетуден түскен қаржы

қ/с	Кіріс көздерінің атауы	2022 жылы	2023 жылы	Айырмасы, +, -
	Барлығы, мың теңге	93 984,7	112 408,5	+18 423,8
	Оның ішінде :			
1	Кітап, конференция жинағы, диск, буклет, журнал сатудан	6 782,5	11 064,1	+4 281,6
2	Фото-бейнетүсіру қызметі	1 200,0	1 100,0	-100,0
3	Экскурсиялық қызмет	3 491,7	4 966,8	+1 475,1
4	Билет сатудан	82 390,7	94 662,6	+12 271,9
5	Археологиялық сараптама	72,0	0,0	-72,0
6	Басқа да кірістер (өсімпұл)	47,8	615,0	+567,2

2023 жылғы кірістің үлесі



2022 жылғы кірістің үлесі







4.4. Қайырымдылық пен демеушілік көмек көрсетуден түскен қаржы

к/с	Кіріс көздерінің атауы	2022 жылы	2023 жылы	Айырмасы, +, -
	Барлығы, мың теңге	105 601,9	88 796,9	-16 805,0
	Оның ішінде :			
1	Қ.А.Ясауи кесенесіндегі сейфтерге түскен қаржы	100 369,1	85 620,0	-14 749,1
2	Ұқаша-ата кесенесі мен құдығына қойылған сейфтерден түскен қаржы	3 470,4	2 103,7	-1 366,7
3	Гаухар-ана кесенесіндегі сейфке түскен қаржы	850,7	1 073,2	+222,5
4	Айырбастау пунктінен	911,7	-	-911,7

2022 жылы түскен қаржының үлесі



2023 жылы түскен қаржының үлесі






V. ӘКІМШЛІК ЖӘНЕ ШАРУАШЫЛЫҚ ЖҰМЫСТАР

5.1. Кадрлық қызмет


«Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейінің штаттық бірлік саны – 100.

Музей қызметкерлерінің жұмыс өтілі

10 жыл	20 жыл	30 жыл
32 адам	6 адам	4 адам



Орта білімділер - 35 адам
Жоғары білімділер – 65 адам





Кәсіпорында 2 т.ғ.к., 11 ғылым магистрі қызмет атқарады.

2023 жылы 32 қызметкер біліктілік арттыру курстарына қатысып, біліктіліктерін көтерді, оның ішінде 5 қызметкер шетелде біліктілік курсына қатысты.

2023 жылы бос лауазым орындары бойынша конкурс өткізу тәртібі арқылы тұрақты штат бірлігіне 1 қызметкер жұмысқа қабылданды.

2023 жылы ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігі тарапынан 3 қызметкер «Мәдениет саласының үздігі» төсбелгісімен марапатталды.






5.2. Шаруашылық жұмыстар

Қызмет көрсету және эксплуатация бөлімінің 2023 жылда атқарған жұмыстарының ЕСЕБІ

«Түркістан тарихы музейі» ғимаратының терезелеріне 23 дана темір тор (решетка) жасатылып, орнатылды.



Доңғалақты трактор Беларус 320.4 жөндеуден өткізілді.



Қылуат жер асты мешітіне барар аяқ жол жөнделді, бағаналар сырланды.





Музей аумағында қардан, мұздан тазалау жұмыстары жүргізілді.



Құмшық ата кесенесінде тазалық жұмыстары




«Түркістан тарихы музейі» ғимаратындағы дәретханада толық күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілді.





Кеңсе ғимаратының сырт келбетіне әрлеу, сырлау жұмыстары жүргізілді



Музей аумағындағы қорғандарға сылау жұмыстары жүрді





Мүсәлла қақпасының үлкен есіктеріне жөндеу жұмыстары жүргізілді



Кесене төбесі тұрақты түрде тазаланып тұрады




Музей аумағында афишаларға арналған тұғырлар орнатылды





Кесене айналасындағы суағар жүйелері тұрақты түрде тазартылып тұрады



Кесене алдына ескертпе бояулары тұрақты түрде сырланып тұрады




Музей аумағында табиғи шөптер тұрақты түрде орылып тұрады





Кесене ішіндегі пандустардың бетіндегі төсеніштер жаңартылды



Музейдің сыртқы кіші қорғандары жөндеуден өткізілді



Кесене ішіндегі плиткалар жөнделді






Сауран қалашығы аумағында тазалық жұмыстары және арнайы белгілер орнатылды



Музей-қорығының тарихи нысандарын тұрақты электрқуатымен қамтамасыз ету мақсатында қосымша электржелісі орнатылды



Түркістан тарихы музейіне витриналар тасымалданып, орнатылды





2023 ж музей-қорығының қызметкерлері жаңа жұмыс киімдермен қамтамасыз етілді





5.3. Материалдық – техникалық базасы

«Әзірет Сұлтан» Музей-қорығының балансындағы ғимараттар саны – 2;

Компьютер және ұйымдастырушылық техникалар саны - 39;

Көлік құралдары – 3.

5.4. Ғимараттар туралы мәлімет

Музей-қорық мекемесі Түркістан облысы, Түркістан қаласы, Әйтеке би көшесі № 1Б, бір қабатты ғимаратта орналасқан.

Қожа Ахмет Ясауи кесенесінің аумағында музейлендіріліп, топталған ескерткіштер:

Қожа Ахмет Ясауи кесенесі, XII-XIV ғғ. (Мекен-жайы: Түркістан қаласы, Әйтеке би көшесі № 1Б)

Кадастрлық номері 19-307-020-1179

Есім хан кесенесі XVII ғ. (Мекен-жайы: Түркістан қаласы, Әйтеке би көшесі № 1Б)

Кадастрлық номері 19-307-020-1179

Рабия Сұлтан бегім кесенесі, XVғ. (Мекен-жайы: Түркістан қаласы, Әйтеке би көшесі №1Б)

Кадастрлық номері 19-307-020-1179

Қылуат жер асты мешіті, XII-XXғғ. (Мекен-жайы: Түркістан қаласы, Әйтеке би көшесі №1Б)

Кадастрлық номері 19-307-020-1179

Шығыс моншасы, XVI-XX ғғ. (Мекен-жайы: Түркістан қаласы, Әйтеке би көшесі №1Б)

Кадастрлық номері 19-307-020-1179

Жұма мешіті, XIXғ. (Мекен-жайы: Түркістан қаласы, Әйтеке би көшесі №1Б)

Кадастрлық номері 19-307-020-1179

Шілдеhana, XII-XIVғғ. (Мекен-жайы: Түркістан қаласы, Әйтеке би көшесі №1Б)

Кадастрлық номері 19-307-020-1179

Белгісіз сағана XVIғ(Мекен-жайы: Түркістан қаласы, Әйтеке би көшесі №1Б)

Кадастрлық номері 19-307-020-1179

Сегіз қырлы сағана XVI- XVIIғғ. (Мекен-жайы: Түркістан қаласы, Әйтеке би көшесі №1Б)

Кадастрлық номері 19-307-020-1179

Цитадель қамал қабырғасы XVI-XIXғғ. (Мекен-жайы: Түркістан қаласы, Әйтеке би көшесі №1Б)

Кадастрлық номері 19-307-020-1179

Мүсәллә қақпасы, XIXғ. (Мекен-жайы: Түркістан қаласы, Әйтеке би көшесі №1Б)

Кадастрлық номері 19-307-020-1179

Түркістан тарихы музейі, XIXғ. (Мекен-жайы: Түркістан қаласы, Әйтеке би көшесі №1Б)

Кадастрлық номері 19-307-020-1179

Әлқожа ата кесенесі XII-XIVғғ. (Мекен-жайы: Түркістан қаласы, Ә.Тұтқабаев көшесі, Жалпы жер аумағы)

Жер аумағы – 3 га.

Кадастрлық номері 19-307-008-006

Үкәша ата кесенесі мен құдығы IX-Xғғ, (Мекен-жайы: Сауран ауданы, Бабайқорған ауылдық округі)

Жер аумағы 90 га

Кадастрлық номері 19-307-128-017

Гауһар ана кесенесі, XII-XIVғғ, (Мекен-жайы: Түркістан қаласы)

Жер аумағы 5 га

Кадастрлық номері 19-307-165-677

Сауран қалашығы, XIII-XIV – XVғғ, (Мекен-жайы: Сауран ауданы, Жібек жолы ауылдық округі)



Қорғау аумағы 50 га
Кадастрлық номері 19-307-122-029

5.5 Меншіктегі автокөліктер

Газ -3307 қызметтік автокөлігі
Mercedes Benz 350S қызметтік автокөлігі
«Беларус - 320» кіші трактор


VI. ҒЫЛЫМИ БАСЫЛЫМДАР МЕН БҰҚАРАЛЫҚ АҚПАРАТ ҚҰРАЛДАРЫНДА ЖАРИЯЛАНҒАН МАҚАЛАЛАР

6.1. Ғылыми мақалалар 2021 жылы 108 ғылыми мақала 2022 жылы 57 ғылыми мақала (1 мақала шетелде рецензияланатын ғылыми журналдарда, 3 мақала ҚР БЖҒМ ұсынған ЖАК тізіміне кіретін ғылыми журналдарда), 2021 жылы 62 танымдық мақала 2022 жылы 84 танымдық мақала, баспасөзде жарияланды.

6.2 Танымдық мақалалар

Егемен Қазақстан газеті – 4, Оңтүстік Қазақстан газеті – 21, Южный Казахстан газеті – 1, Казахстанская правда газеті – 3, Ясауи мұрасы – 34, Түркістан газеті – 15, Ана тілі – 1, Қызмет газеті – 1, Қазақстан жолы – 1, Айғақ газеті – 3 мақала жарияланды

Ғылыми және танымдық мақалалардың салыстырмалы көрсеткіші





ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІЛЕРДЕ ЖАРНИЯЛАНҒАН МАТЕРИАЛДАР

«Әзірет Сұлтан» музей-қорығы 2023 жылы негізінен үш әлеуметтік желі бойынша жұмыс жүргізді. Атап айтқанда: Инстаграм, Фейсбук және ТикТок. Жыл соңына қарай Ютуб арнасы да іске қосылды.

Есепті жыл соңында Инстаграм парақшамызда – 6 375 (жыл басындағы көрсеткіш – 3 685), Фейсбукте – 12 124 (жыл басындағы көрсеткіш – 3 607), ТикТокта – 48 900 (жыл басындағы көрсеткіш – 11 900), Ютуб арнамызда - 789 жазылушы болды. Жазылушылардың саны 2022 жылмен салыстырғанда Инстаграмда екі есеге жуық, Фейсбукте 3.5 есе, ТикТокта 4 еседен астам өсті.

2023 жылы әлеуметтік желілерге 1030 материал жүктелді. Соның ішінде Инстаграмға – 389, Фейсбукке – 378, ТикТокқа – 249, Ютубқа - 20.

Материалдардың жалпы қаралымы: Инстаграмда – 1 517 444, Фейсбукте – 1 531 635, ТикТокта – 12 083 368. 2022 жылмен салыстырғанда барлық әлеуметтік желі бойынша қаралым саны өсті. Өсім Фейсбук пен ТикТокта 2 еседен астам болды.

Инстаграмда «Тайқазан кімдікі?» деген материал ең көп қаралым жинады, 302 мың. Фейсбукте «Рабия Сұлтан Бегім кімнің әйелі?» деп аталатын бейнероликті 252 946 адам қараған. Ал ТикТокта 3 материалдың қаралымы миллионнан асты. Атап айтқанда: «Бұл қай жер, қайда кіріп барады?» деген ролик 1 миллионнан астам, «2 тонна Тайқазанды 13 рет көтерді» деген ролик 1.5 миллионнан астам, «Алла деген кесене» атты ролик 3 миллионнан астам қаралым жинады.

Музей-қорықтың баспасөз қызметімен бірлесіп, әлеуметтік желілерге материал дайындауға негізінен төрт бөлім атсалысуда. Олардың әлеуметтік желілерде жарияланған материалдарының жалпы саны төмендегіше:

р/с	Бөлімдердің аты	Материалдардың саны
1	Ғылыми зерттеу бөлімі	203
2	Тарихи ескерткіштерді қорғау бөлімі	157
3	Экскурсия және насихат бөлімі	138
4	Қор сақтау бөлімі	84